

Палуандар жүлдемен оралды

Таяуда Теміртау қаласында жауынгерлік самбодан 1998-99 жылы туған жастар арасында ел чемпионаты болып өтті. Турнир жасөспірімдер арасында әлем чемпионы атанған Балтабек Қызметті еске алуға арналды. Балтабек осыдан сегіз жыл бұрын көз жүмған еді. Осы жарысқа біздін облыстан қатысқан палуандар жеті қола, үш күміс және бір алтын медаль еншиледі.

Біріншілік өте жоғары деңгейде өтті. Ұйымдастыру жағы да



мықты. Жарысқа өте көп палуандар қатысты. Мұнда команда емес, жекелеген сындар есепке алын-

ды, – дейді самбодан облыстың аға жаттықтырушысы Руслан Танқыбаев.

Жарыста 48 келі салмақта сынға түскен арқалықтық Серік Есенкелді чемпион атанды. Қостанайлыктар: Рахат Сейітмағамбет, Аңсарбек Фалымов, ҚР спорт шебері Жан Сәбит "күміс" жүлдені жеңіп алды. Ал "қола" жүлдені Ерқанат Куанышбай, Диас Бигали, Әділет Жаңбыршы, Әлішер Білім, Данияр Ибайдуллин, ҚР спорт шебері Бактияр Болатовтар еншиледі.